


**ПЕДАГОГИКА
КУРСЫНЫҢ
ҚҰРЫЛЫМЫ**



ЖОСПАРЫ;

- 1 Педагогика курсының мазмұны
- 2 Педагогика ғылымының құрылымы
- 3 Білім беру.
- 4 Пайдаланылған әдебиеттер





Педагогика қоғамдық ғылым болғандықтан ол қоғамның талаптарын айқындайды.

Педагогика курсының мазмұнын құруда білім алушылардың жас шамасы, олардың жалпы білімділік деңгейі, болашақ кәсіби қызметтің сипаты сынды өлшемдер есепке алынады.

- Оқу пәнінің мазмұнына педагогикалық ғылым ретінде дамуы әсер етеді. Біздің еліміздегі жалпы орта білім, кәсіби орта және жоғары мектептің дамуы педагогикада жаңа мәселелердің туындауына, оның әрі қарай дамуына әкеледі.

Осылайша педагогиканың; педагогикалық этика, жоғары мектеп педагогикасы, білім берудің экономикасы, педагогикалық психология, дефектология және т.б. жаңа салалары пайда болуда.



- Педагогика ғылымының құрылымына:
педагогика тарихы, жалпы педагогика, жас ерекшелік педагогикасы, әлеуметтік педагогика, түзету педагогикасы, этнопедагогика, салыстырмалы педагогика, жеке әдістеме кіреді.



ТАРИХИШЫЛЫҚ ПРИНЦІПІ

- Кез келген ғылымның маңызды принципі, өйткені өткенсіз бүгін жоқ. Өткен кезеңдердегі мұраларды зерттей, бүгінмен салыстыра отырып, кез келген құбылыстың даму жолын білуге және өткеннің қателігін түзетуге, келешекке болжам жасауға болады.




ЖАЛПЫ ПЕДАГОГИКА

- Адамдарға білім берудегі жалпы заңдылықтарды зерттейді, барлық типтегі білім беру мекемелеріндегі педагогикалық үдерістің негізін жасап шығарады.



ЖАС ЕРЕКШЕЛІК ПЕДАГОГИКАСЫ

- Оқу тәрбие мекемелерінің типтерін немесе жас ерекшелік топтарды анықтауды сипаттайтын оқу және тәрбие заңдылықтарын зерттейді.
- Мектепке дейінгі педагогика
- Мектеп педагогикасы
- Ересектер педагогикасы
- Деп ажыратылады.



ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГИКА

- Баланың қалыптасуы мен дамуына әлеуметтік ортаның тәрбиелік ықпалын көрсетеді.
- Түзету педагогикасы
- **Арнайы педагогика ретінде** ерекшеленеді. Оған; сурдопедагогика, тифлопедагогика, олигофренопедагогика және логопедия жатады.



ЭТНОПЕДАГОГИКА

- Әртүрлі халықтардың педагогикалық көзқарас ерекшеліктерінің адам дамуына ықпалын, халықтың тәрбиенің заңдылықтарын зерттейді.
- Салыстырмалы педагогика
- Әртүрлі елдердегі оқыту мен тәрбиелеудің заңдылықтары мен және тұжырымдауларды зерттеумен айналысады.



Білім беру-әртүрлі
ғылымдардың,соның ішінде
педагогиканың объектісі.

Білім беру педагогика
ғылымының негізгі объектісі
ретінде оның дамуы оқу
пәнінің мазмұнына өз әсерін
тигізеді.





Білім беру белгілі бір білім, іскерлік,
дағдылар жиынтығын меңгертіп қана қоймай,
білім алушы тұлғасын дамытуға, өмірлік
проблемаларды өз бетімен және тиімді
шешуге, тұлғаның өзін өзі анықтауына,
әлеуметтенуіне және өзін өзі жүзеге
асыруына мүмкіндік беретін әмбебап білім,
тәжірибе және қабілеттердің жиынтығын
меңгеруге бағытталған,






Қазіргі қоғамда білім адам әрекетінің ең көлемді саласы. Онымен дүниежүзінде миллиардтан астам оқушы, студент пен 50 млн астам педагог айналысуда.




БІЛІМ БЕРУ МАҚСАТЫ

- Жаңа білім нәтижелерін жаңа өзгерістер жағдайына инновациялық және жобалаушылық ойлау қабілеттері қалыптасқан, өзін өзі дамыту мен өзін өзі қамтамасыз ете алатын, әлеуметтік және кәсіби құзыреттілігі негізінде тиімді шешімдер қабылдай алатын адамның жаңа сапаларын қалыптастыру.





Еліміздің білім беру саясатын айқындайтын
“Қазақстан Республикасында білім беруді
дамытудың 2011-2020 жылдарға дейінгі
Мемлекеттік бағдарламасы” және басқа да
құжаттарындағы білім беруді жаңарту
талаптары интеллектуалды ұлтты
қалыптастыру туралы нақты міндеттерінен
туындайды.



ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

- «Педагогиканы оқыту әдістемесі» Ә. Мұханбетжанова

